

1. Райзберг Б.А., Лозовский Л.Ш., Стародубцева Е.Б. Современный экономический словарь. – 4-е изд., перераб. и доп. – М.: ИНФРА-М, 2005 – 480 с.
2. Курс экономической теории. Учебное пособие /Под руководством А.В. Сидоровича. – М.: МГУ им. М.В. Ломоносова, Изд. «ДИС», 1997. – 736 с.
3. Казбекова Ж.Б. Управление финансовыми потоками экономики Казахстана в условиях глобализации. КазНУ им. аль-Фараби. – Алматы, 2009.
4. Послание Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева народу Казахстана от 28 января 2011 года.
5. Казбекова Ж.Б. Совершенствование государственного регулирования международных резервов. Международная конференция «Новая парадигма экономического развития страны: интеграция, индустриализация, инновация», КазНУ им. аль-Фараби, 8 декабря 2011 г.

Мақалада жаһандану жағдайындағы қаржы нарығының методологиялық негіздері келтірілген. Қазақстанның қаржы нарығының жағдайы қаралған, оның дамуына және экономиканың нақты салаларына қаржы ресурстарының құйылуына кедергі мәселелер анықталған. Экономиканы шикізат өндіруден шекті өнімдер шығаруға бұратын қаржы нарығын дамытатын күрделі шаралар ұсынылған.

Methodological foundations of financial market and its regulation peculiarities are stated in the article. The financial market condition in Kazakhstan is considered, problems that impede its development and overflow of financial resources into the real sector of the economy are detected. Urgent measures of financial market development, which allow to provide the economy's turn from the raw materials sector to development of manufacturing industry are suggested.

М.Т. Нурмаганбетова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУДА ЖИНАҚТЫҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ МҮМКІНДІКТЕРІН ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

Компания активтерін басқарудың жедел нарығына шығуы қаржылық тәуекелдерді төмендетуге және инвестициялау мүмкіншілігін жоғарылатуға көмегін тигізеді. Қазіргі таңда мемлекеттік бағалы қағаздар құнының төмендеуіне байланысты ЗАИБҮ және жинақтаушы зейнетақы қорлары активтердің валюталық тәуекелдеріне нақты шешімдер қабылдайды. Мұндай шарттарда зейнетақы активтерінің инвестициялары индекстік қорларға және инвестициялық қорлардың диверсификация мүмкіншілігін ұлғайтады және бағалы қағаздарға активтерді инвестициялау тәуекелін төмендетеді. Сонымен қатар, әрбір инвестициялық бағалы қағаздардың мерзімі мен құрылымына көңіл бөлу қажет, яғни зейнетақы қоржынының 35 - 40% диноминерленген, не болмаса АҚШ долларымен тығыз байланыста болады, ал 40-45% қысқа мерзімді инвестицияларға салынады. Халықаралық ұйымдардың ойынша мұндай жағдайда қоржындар қайта инвестициялаудың валюталық тәуекеліне алып келеді. Осында ескере кету керек зейнетақы жүйесінің жаңа формасына көшу кезінде төлем сомаларының және бағалы қағаздардың теңгелей тұрғыда көбейіп кету мәселелерін туғызады. Бұл жағдайда инвестициялау шешімін қабылдау барысында актуарлық тәсілдер қолданылады, яғни инвестициялық стратегияларды қайта өңдеуде олардың маңызы зор болады. Бұл тәсіл көп жағдайда қор жинақтары мен міндеттемелері сәйкес келмеген кезде қолданылады. Қазіргі кезде он жылдың көлемінде үлкен көлемді төлемдер көрсетіліп отырған жоқ. Сондықтан, зейнетақы қорлар қоржынының инвестициялық стратегиясы пайдалы және қысқа мерзімді инвестицияларға негізделеді. Жинақтаушы зейнетақы жүйесі болашақтағы зейнеткерлердің, салымшылардың активтерін сақтау мен көбейту көзделгендіктен, инвестициялық ресурстардың мықты көздері болып табылады. Сол себептен мемлекет инвестициялық ресурстарды өндірушілер мен тұтынушылардың арасында экономикалық байланысты орнатуда делдал және кепілдік қызметін атқару керек.

Зейнетақы жүйесінің активтерін экономикада технологияларды дамыту үшін отандық кәсіпорындарды пайдалану керек. Қазақстанның өнеркәсіптік саласын дамыту бағытына негізделе отырып 2009 жылға дейін мемлекет инвестициялық процестер мен ел ішіндегі ұзақ мерзімді жүйелерге күрделі инвестицияларды қалыптастыру үшін көмегін тигізу керек. Мемлекеттің рөлі мамандандырылған институттарды және экономиканың нақты секторларын дамыту, сонымен бірге бос ресурстарды орналастыру механизмін дамыту болып отыр.

Инновациялық қор қызметінің ең негізгі мақсаты елдегі жалпы инновациялық жағдайды жоғарылату, оның ішінде жоғары технологиялар мен өндірістік ғылымға ықпалын тигізу. Оның жарғылық капиталы республикалық бюджеттің есебінен 3 млрд теңгені құрайды.

Қордың негізгі қызметінің құрамына отандық және шетелдік инвесторлардың қатысуымен венчурлік қорларды дамыту және инновациялық жүйелерді венчурлік қаржыландырудың механизмі мен инфрақұрылымын дамытуына қатысу; ғылыми-техникалық өндіріс нарығын дамыту және т.б. Сол себептен Қазақстан Республикасында мемлекеттік қаржылық институттарды дамыту көзделіп отыр.

Жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық саясаты - мемлекеттің бекіткен инвестициялық шектеулерін есепке ала отырып, инвестициялық кірісті қамтамасыз ету мақсатында аккумуляциялық қор құралын қолданудың негізгі бағыттарын таңдайды. Инвестициялық саясат инвестициялау мақсатын таңдауды, инвестициялау объектісін таңдауды не инвестициялау пропорциясын бекіту сияқты критерийлерді ұйғаруға міндетті. Инвестициялық саясаттың ЖЗҚ мақсаттық бағытталуындағы таңдаудың қажеттілігі инвестициялық ресурсқа ЖЗҚ салынатын әр түрлі активтердің 2 альтернатива бойынша бөлінуіне байланысты: тиімділік және сенімділік.

Қазақстанның заңдылықтарына сәйкес инвестициялық қорлардың бағалы қағаздарды шығаруға құқығы бар. Ал инвестициялық қорлардың акционерлері болып кез келген заңды және жеке тұлғалар табылады. Сонымен қатар, жаңа заң «Бағалы қағаздар нарығы туралы» қабылданғанына байланысты жаңа түсінік – «агенттік облигациялар» пайда болды. Осымен байланысты салық кодексіне өзгертулер енгізілуіне байланысты бағалы қағаздарды отандық қор нарығында шығару және оларды орналастыру мына институттар арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік бағалы қағаздар инвестициялық мақсаттар үшін қолданылады. Яғни, мемлекеттік инвестициялық бағалы қағаздар жинақтаушы зейнетақы қорында, сақтандыру ұйымдарында, басқа да институтционалды инвесторлар арасында орналастырылады және де осы құралдарды пошталық жинақтаушы жүйе арқылы алуға болады. Сонымен қатар, олар капиталды жоғалтумен байланысты төмен тәуекелдерге қатысты тиімді қаржы құралдарына айналуы мүмкін. Жаңа қаржы құралдарын енгізу нәтижесінде қайталама қор нарығында жаңалықтың пайда болу мүмкіндіктерін көрсетеді. Соның көмегімен Қазақстанның қор нарығында инвестициялаудың жаңа мүмкіндіктерін туғызады. Бұл тәсіл қор нарығының қызып кетуін мемлекеттік реттеудің жанама формасы болып табылады. Сонымен қатар ол инвестициялық және инновациялық қорлардың ұлғаюына көмегін тигізеді және қаржылық жобаларды қалыптастырады. Экономикалық сектордың жақсы дамуы зейнетақы жүйесіне инвестициялық кірістерді алуына ықпалын тигізеді ал бюджет кірістердің құралу көздерін қалыптастырады.

Инновациялық қордың ұлғаюы, сонымен байланысты ғылыми және жаңа технологияларды инвестициялау арқылы мемлекеттік бюджеттің ғылыми-техникалық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Инновациялық қор құралдарының қолдану аясы:

- өндірістің материалдық-техникалық базасын жаңартумен байланысты өндірістік кәсіпорындардың ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстардың профилін жақсарту шараларын жүргізу;

- жаңа тауарлар мен технологиялардың өндіріске байланысты тереңдетілген ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру;

- ғылымды қайта орнатудың отандық қорын қалыптастыру; белгіленген инновациялық технологиялардың банкісін жетілдіру; осының негізінде қалыптасқан технологиялар капитал салымдарын қажет етпей өндіріс саласының нәтижелілігін және сапалылығын көрсетеді.

- франчайзингтің шарттарымен байланысты жоғары технологиялы өндірістің қалыптасуы патенттер мен лицензияларды сатып алуға мүмкіндік беруі;

- электронды, электро-техникалық өнімдерді және машиналарды өндірушілердің аса маңызды өкілдіктерімен келіссөздер жүргізу және кәсіпорындарды дамыту;

- ауылшаруашылық өндірісіне, өнеркәсіптік өндіріске, медицина өндірісіне және әскери өндіріске ғарыштық технологияларды қайта өңдеуді енгізу;

- ақпараттық технологияларды қайта өңдеу.

Зейнетақы қорының дамуы Қазақстанның ұйымдық инвестициялануына жол береді. Қазіргі таңда экономиканың өндірістік секторын инвестициялау үшін зейнетақы активтерінің аз ғана бөлігі қолданылады.

Зейнетақы активтерінің көп бөлігі бюджеттің тапшылығын қаржыландыру үшін қолданылады. Мұндай зейнетақы қорының инвестициялық саясаты шарттандырылған және қазақстанның қор нарығының даму деңгейімен тығыз байланысты.

Қор нарығының дамуы қор нарығына ішкі инвесторларды тартумен байланысты іс-шараларды жүргізумен байланысты. Яғни, бұл ұйымдық инвестициялаудың әртүрлі нысаны, жаңа эмитенттерді листингке марапаттау, қайталама нарықта бағалы қағаздардың айналымын жетілдіру болып табылады.

Қор нарығының қызып кетуіне корпоративтік құралдардың көмегімен тікелей ықпал тигізумен қатар, мемлекеттік реттеудің жанама нысанын іске асыруы мүмкін.

Экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы аса күрделі инвестициялық ресурстарды тартады. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының инвестициясының ең тиімді және ұзақ мерзімді құралы көздерінің бірі болып зейнетақы жүйесі табылады. Экономикасы дамыған елдерде зейнетақы қоры аса мықты, сенімді және тұрақты қызметін жүргізетін әлеуметтік-қаржылық институт болып табылады.

Жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық белдеуі 3 жылдан 40 жылға дейінгі уақытты қамтиды.

Қазақстан экономикасының даму кезеңдерінің негізгі ерекшелігі бұл материалдық өндірістің дамуына ықпалын тигізу. Бұл жағдай зейнетақы қорларының активтерін қаржылық басқаруда жаңа тактикалық шешімдерді қолдануға мәжбүрлейді.

Республиканың аса маңызды жүйелерін инвестициялау арқылы инвестициялық пулдарды қалыптастыруға болады. Мысалы: мемлекет нақты өнеркәсіптік инвестициялық жүйелердің құнын және өткізілуін жария етеді, сонымен қатар ақша құралдарының жетіспеушілігін және қолма-қол ақшалардың құнын айқын көрсетеді. Осының салдарынан бұл жүйе мемлекеттік және жеке болып танылады. Әрбір нақты жүйенің сатылуы туралы шешімдерді қабылдаудың негізгі факторы болып: елдің, қазақстанның халқы үшін әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы табылады. Осы инвестициялық жүйенің есебінен мемлекет арнайы, мекен-жайлы, сонымен бірге белгіленген бағаға байланысты және анықталған кірістерімен бағалы қағаздарды шығарады. Соның салдарынан инвестициялық жүйе мемлекеттік кепілдікке ие болады, яғни бұл институционалды инвесторларды тартуға мүмкіндік береді. Белгіленген инвестициялық пулға қатысуы туралы шешім қабылдау үшін зейнетақы қорлары пакеттің белгілі бір бөлігін иеленуге құқылы. Жүйенің нәтижелі өтуін қамтамасыз ету мақсатында зейнетақы қоры инвесторлардың қызығушылығын және жүйені қаржыландыру барысындағы шығындарды қадағалауды жүзеге асыратын өзінің басқарушысын таңдайды. Осындай жүйені өткізу барысында мемлекет көрнекті пайда мен тиімділікке ие болады.

Оның ішінде:

– стратегиялық салада және өндірістік инфрақұрылымда аса күрделі жүйелерді өткізудің нақты мүмкіндігі туындайды;

– мемлекет уақытысында зейнетақы қорларының жүйесін өткізу барысында қарыздардың қайтарымдылығын қамтамасыз етеді, бұл мемлекетке тікелей пайда әкеледі;

- ақша құралдары шығындарының айқындылығы, оларды инвестициялаудың тиімді-лігін көрсетеді және мақсатты емес қолданылуын жояды, жұмыс сапасын жоғарылатады;
- күрделі жүйелердің өткізілімі басқа да өндірістің қалыптасуына мүмкіндік береді;
- күрделі объектілерді өз күшімен көтеру бүкіл қазақстан үшін саяси маңыздылығын тигізеді.

Зейнетақы қорымен бекітілген, инвестициялық пулды басқарушы жүйені өткізу процесінде, материалдар мен әртүрлі қызметтер үшін тапсырыстар сатып ала отырып, ол компанияның жеткізушілері арасында ашық тендерлер өткізеді. Бұл өз кезегінде жоғары сапалы қызметтер мен материалдарға тиісті баға қоюға мүмкіндік береді. Нақты жүйенің аяқталысымен инвестициялық пулды жабық деп жариялауға болады және алдағы уақытта басқа да объектілерді өткізу үшін қолданылмайды. Бұл механизмнің жұмыс істеуі барысында ел үшін аса маңызды объектілер: Алматының метрополитені, машина құрылысының көтерілімі (подъем машиностроения), химиялық және мұнай-химиялық құрылысы, темір жол көтерілімі, әуе тасымалын қолдау және т.б. жатады. Мысалыға алатын болсақ, қазіргі таңда Қазақстан Республикасында инфрақұрылымдық жүйелерді қаржыландыру шарттарын енгізу қарастырылып отыр, яғни инфрақұрылымға салынған инвестициялар өмір деңгейін жоғарылатады, елдің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатады және экономикалық өсімге әсерін тигізеді. Сонымен қатар, бұл өнеркәсіпті өңдеу жүйелері, мұнай-химиялық шикізаттарды қайта өңдеу жүйелері, яғни қазақстан өнімдерінің әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігін ұлғайтып қана қоймайды, сонымен қатар зейнетақы қоры аса ірі көлемде өзінің инвестициялық қаржысының тәуекелін төмендетеді. Мұндай жағдайда латынамерикалық елдердің тәжірибесі аса маңызды, яғни бұл экономиканың нақты секторы үшін ақша құралдарын тарту әртүрлі субъектілердің бағалы қағаздары арқылы жүргізіледі.

Қазақстан Республикасында Қазақстан Даму Банкісінің кепілдігімен жүйелі қаржыландыру механизмін ойлап табу ұсынылып отыр, сонымен қатар, республика үшін стратегиялық маңызды болып танылған жүйелерге мемлекеттік кепілдік беруді қарастырады.

Зейнетақы тәуекелін алдын алу үшін ақша қолдану процестерінің зейнетақы қоры тарапынан бақылау механизмін қайта өңдеу. Іс-шараларды міндетті бақылау зейнетақы қорының тәуекелін төмендетіп қана қоймай, сонымен қатар орындалып отырылған жүйенің айқындылығын көрсетеді. Бұл кезеңнің мемлекеттік құрылым үшін қалай маңызды болса, қор нарығының дамуына да аса маңызды. Сонымен қатар, зейнетақы активтерін инвестициялау туралы шешімдердің қабылдануының толық айқындылығын қамтамасыз ету. Халық және басқа да инвесторлар біздің қаржылық институттарға сенімділігін арттыру қажет.

Осы себептен, зейнетақы активтерін басқару тиімділігі елдің барлық экономикасының даму деңгейімен, қор нарығының даму деңгейімен, сонымен бірге қор нарығының инвестициялық қызметінің мемлекеттік реттеу механизмі мен тәсілдерімен байланысты. Активтердің басқару тиімділігін жоғарылату жүйелі көз-қарасты қажет етеді. Жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін инвестициялық мүмкіншіліктердің көбеюі ұзақ мерзімді қаржылық құралдардың ұлғаюы салдарынан, өтелу уақытысына дейінгі ұсталынып тұратын номиналды кірістің көлемін орта есеппен 4,5-6% алып келеді .

Қорыта айтқанда, экономиканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы аса күрделі инвестициялық ресурстарды тартуы тиіс. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының инвестициясының ең тиімді және ұзақ мерзімді құралы көздерінің бірі болып зейнетақы жүйесі табылады. Экономикасы дамыған елдерде зейнетақы қоры аса мықты, сенімді және тұрақты қызметін жүргізетін әлеуметтік-қаржылық институт болып табылады. Инновациялық қордың ұлғаюы, сонымен байланысты ғылыми және жаңа технологияларды инвестициялау арқылы мемлекеттік бюджеттің ғылыми-техникалық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

1. Инвестирование пенсионных активов // РЦБК. 2004. №11.-С. 12-15.

2. Нурмуханбетов Е.Д. Рынок пенсионных услуг в 2006 году. Рынок ценных бумаг Казахстана. №3(155), 2007. – 16-256.

3. Абдыкаликова Г.Н. и др. К вопросу о распределении доходов населения и пенсионном обеспечении в РК // материалы сб.МНПК: Государство и бизнес в XXI веке . - Алматы: Казак университети, 2004.-С.37-41
4. Тулепбаев К.М. Международный опыт пенсионного обеспечения // Банки Казахстана. 2001. №12.- С.-18.

Развитие пенсионного фонда Казахстана допускает организационной инвестиции. На сегодняшний день для инвестиции производственного сектора экономики используется малая часть пенсионных активов.

Development of the Pension Fund of Kazakhstan allows institutional investment. In this time investments of the productive sector of the economy is a small part of pension aktives.

Шабаниан Мортеза

ПЛАТЕЖНЫЙ БАЛАНС – ОТРАЖЕНИЕ МИРОХОЗЯЙСТВЕННЫХ СВЯЗЕЙ СТРАНЫ

Все страны являются участницами современного мирового хозяйства. Активность этого участия, степень интеграции отдельных стран в мировое хозяйство различны, но нет такой страны, которая в той или иной мере не была бы связана нитями экономического взаимодействия с окружающим миром. Внешнеэкономические операции страны с ее партнерами представляют собой мирохозяйственные связи, объединяющие национальные экономики в мировое хозяйство. Поэтому термины «внешнеэкономические и международные связи или операции» и «мирохозяйственные связи» следует понимать как синонимы.

Мирохозяйственные связи в своем развитии проходят определенные этапы, смена которых характеризует усиление целостности мирового хозяйства, возвышение содержания международных экономических отношений: от торговли и услуг – к вывозу капитала и последующему созданию международного производства, далее – к формированию единого мирового рынка валют, кредитов, ценных бумаг. Генераторами эволюции мирохозяйственных связей являются развитые страны мира, составляющие ядро мирового хозяйства. Качественно новый этап характеризуется усилением единства экономической деятельности этих стран. Данный этап есть результат действия объективной тенденции интернационализации и глобализации хозяйственной жизни, объединения национальных рынков товаров, услуг, капиталов, финансовых ресурсов в мировые рынки.

На общем фоне интернационализации хозяйственной жизни складывается сложная мозаика отношений; превосходство одних стран в одних сферах мирохозяйственных связей сочетается с партнерством, отставанием или следованием за лидерами в других. Помимо экономических существуют политические, военные, культурные и другие отношения между странами, которые порождают денежные платежи и поступления. Многогранный комплекс международных отношений страны находит отражение в балансовом счете ее международных операций, который по традиции называется платежным балансом.

Платежный баланс – балансовый счет международных операций – это стоимостное выражение всего комплекса мирохозяйственных связей страны в форме соотношения показателей вывоза и ввоза товаров, услуг, капиталов. Балансовый счет международных операций представляет собой количественное и качественное стоимостное выражение масштабов, структуры и характера внешнеэкономических операций страны, ее участия в мировом хозяйстве. На практике принято пользоваться термином «платежный баланс», а показатели валютных потоков по всем операциям обозначать как платежи и поступления.

Публикуемые платежные балансы охватывают не только платежи и поступления, которые фактически произведены или подлежат немедленному исполнению на определенную дату, но и показатели по международным требованиям и обязательствам. Такая